

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Дарвиннің генетика заңдары ашылған соң, эволюцияның теориясы атала бастады
А) антропогенездік
В) синтетикалық
С) этнологиялық
D) генетикалық
2. «Табиғи адам» идеясын ұсынған
А) Жан Жак Руссо
В) Томас Гоббс
С) Монтескье
D) Дени Дидро
3. Феодализмнің ең басты белгісіне жатады:
А) машиналы өндірістің дамуы
В) жердің негізгі байлық көзіне айналуы
С) буржуазия тобының қалыптасуы
D) нарықтық қатынастың дамуы
4. XX ғасырдың 30-жылдарындағы экономикалық дағдарыс барысында жалпыұлттық табысы 50 пайызға азайған ел
А) Ресей
В) Франция
С) АҚШ
D) Англия
5. Эволюциялық бағыт өкілдері берген «өркениет» ұғымының мәні
А) Қоғамдық өмірдің ешбір өзгеріссіз қалуы
В) Адамзаттың жануарлық жағдайдан қол үзе алмауы
С) Жабайылық, варварлық кезеңінде қалу
D) Нағыз адамдық өмірдің формасына қадам басу процесі
6. Хаммурапидің Вавилонды басқарған жылдары
А) Б.з.б. 1893-1884 жж.
В) Б.з.б. 1792-1750 жж.
С) Б.з.б. 1643-1645 жж.
D) Б.з.б. 1554-1545 жж.
7. Үндістандағы діннің негізі саналатын «тірі жанға қиянат жасамау» принципін атауы
А) «ахимса»
В) «сатьяграха»
С) «сварадж»
D) «свадеши»

8. Үндістандағы XIX ғасыр соңында болған ағылшын тауарларына қарсы қозғалыс атауы
- A) «сварадж»
 - B) «сатьяграха»
 - C) «гандизм»
 - D) «свадешини»
9. Египет ұлттық мұражайында орналасқан
- A) Шамаш құдайының мүсіні
 - B) «Христтің шоқынуды» картинасы
 - C) Тутанхамон қазынасы
 - D) Дүниежүзіндегі автопортреттердің бірегей жинағы
10. 1992 жылы Қазақстан мүше болған ұйым
- A) Біріккен Ұлттар Ұйымы
 - B) Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы
 - C) Халықаралық еңбек ұйымы
 - D) Мұсылман елдері лигасы
11. Кеңес өкіметінде 1921 жылы наурызда РК(б)П-ның X съезінде қабылданған шешім
- A) Индустрияландыру
 - B) Жаңа экономикалық саясат
 - C) Ұжымдастыру
 - D) Бірінші бесжылдық жоспар
12. Қырғи қабақ соғыстың басталуына себепші болды
- A) Ф.Рузвельттің «Жаңа бағыт» саясаты
 - B) Н.Хрущевтің КОКП-ның XX съезіндегі баяндамасы
 - C) У. Черчилльдің Фултондағы сөзі
 - D) И.Сталиннің Кеңестік информбюродағы сөзі
13. 2017-2018 жылдары БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды
- A) Қазақстан
 - B) АҚШ
 - C) Қытай
 - D) Ресей
14. М.Гандидің алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі
- A) экономиканы кезеңмен дамыту
 - B) саяси шиеленістерді шешу
 - C) әлеуметтік күйзелісті шешу
 - D) тәуелсіздікке кезеңмен жету
15. Кеңес ғылымында К.Маркстің методологиялық тұжырымы бойынша ең соңғы қоғамдық формация
- A) коммунистік
 - B) феодалдық
 - C) құлиеленушілік
 - D) алғашқы қауымдық

16. Жалпыадамзаттық құндылық болып есептелмейді
- A) жомарттық
 - B) жоқшылық
 - C) мейірімділік
 - D) ізгілік
17. Киевте белгісіз автор жазған, Ежелгі Русьтегі ең елеулі поэзиялық шығарма
- A) «Игорь жасағы туралы жыр»
 - B) «Робин Гуд»
 - C) «Түлкі туралы роман»
 - D) «Ролланд туралы жыр»
18. Англияда жасалған алғашқы брондалған әскери теңіз кемесінің атауы
- A) «Остланд»
 - B) «Дредноут»
 - C) «Барбаросса»
 - D) «Тайфун»
19. Индустриалды қоғамда негізгі екі тап қалыптасты, бірі кәсіпкерлер, ал екіншісі
- A) зиялылар
 - B) жалданбалы жұмысшылар
 - C) ірі буржуазия
 - D) түрлі меншік иелері
20. Дәстүрлі (аграрлық) экономиканың сипатты белгілерінің бірі
- A) өндірушінің дербестігі, кәсіпкерлік еркіндігі
 - B) ресурстарды еркін алмастырудың техникалық мүмкіндігі басым
 - C) кәсіпкерге бизнес саласын анықтауға мүмкіндіктің берілуі
 - D) қарапайым технологиялардың басымдылығы

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.



Версаль бейбіт келісімшартына қол қою. Версаль. 1919 ж.

1919 жылы 18 қаңтарда Парижде бейбіт конференциясы ашылды. Оның жұмысына 35 мемлекеттің делегациясы қатысты. Париж конференциясының басты мақсаттары: Бірінші дүниежүзілік соғысты қорытындылау, Еуропа аумағын жеңген державалар пайдасына бөлу, соғыста жеңілген мемлекеттердің әскери күштерін шектеу. Сонымен қатар бұл мемлекеттер репарациялар төлеуге, яғни шығындарды ақтауға мәжбүр болды.

Германия басшылығы Австрия, Чехословакия, Польшаның тәуелсіздіктерін мойындады. Францияға Эльзас, Лотарингияны және Саар көмір шахталарын 15 жылға; Бельгияға Эйпен, Мальмеди және Морена округтерін; Польшаға Познаньді, Жоғарғы Силезия, Померания мен Шығыс Пруссияның бөлігін; Данияға Шлезвигтің солтүстігін; Литваға Мемельді (Клайпеда) қайтарды.

Версаль келісім шарты бойынша Германия толығымен Африка мен Азиядағы отарлық иеліктерінен айырылды. Оған 100 мыңнан артық адамнан тұратын әскер, әскери-әуе және теңіз флоттарды ұстауға тыйым салынды, жалпыға ортақ әскери міндеттілік жойылды.

21. Мәнмәтін бойынша Версаль келісімшарты өткен ел

- A) Испания
- B) Италия
- C) Франция
- D) Англия

22. Мәнмәтін бойынша Версаль келісімшартының мерзімін анықтаңыз
- A) XX ғасырдың аяғы
 - B) XX ғасырдың ортасы
 - C) XIX ғасырдың аяғы
 - D) XX ғасырдың басы
23. Мәнмәтін бойынша мемлекеттер мен оларға қайтарылған территорияларды сәйкестендіріңіз
- 1. Франция; 2. Бельгия; 3. Польша; 4. Дания*
- A. Шлезвигтің солтүстігі;
 - Ә. Эльзас, Лотарингияны және Саар көмір шахталары;
 - Б. Эйпен, Мальмеди және Морена округтері;
 - В. Познаньді, Жоғарғы Силезия, Померания мен Шығыс Пруссияның бөлігі;
- A) 1-А; 2-Б; 3-В; 4-Ә
 - B) 1-Ә; 2-Б; 3-А; 4-В
 - C) 1-Ә; 2-Б; 3-В; 4-А
 - D) 1-Б; 2-В; 3-Ә; 4-А
24. Мәнмәтін бойынша Париж конференциясының басты мақсаттарының бірін анықтаңыз
- A) Екінші дүниежүзілік соғысты қорытындылау
 - B) Бірінші дүниежүзілік соғыста жеңілген мемлекеттердің әскери күштерін шектеу
 - C) «Тоғыз держава» трактатына қол қою
 - D) «Бес держава» трактатына қол қою
25. Мәнмәтін бойынша Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесін анықтаңыз
- A) Екі полюсты жүйе пайда болды
 - B) Еуропаның саяси картасы өзгерді
 - C) Осман империясы құрылды
 - D) Атомдық текетірес басталды

Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

26. Еуропалық ортағасырлық қаладағы қалалық кеңес үйі (-лері)
- A) ратуша
 - B) собор
 - C) университет
 - D) монастырь
 - E) форум
 - F) замок
27. Жаңа заман кезеңінің Батыс елдеріндегі ерекшелігі (-тері)
- A) алғаш рет буржуазиялық революция болды
 - B) дәстүрлі шаруашылық ұзақ уақыт сақталды
 - C) әлемдік дамуда артта қалды
 - D) феодалдық қоғам үстем болды
 - E) өнеркәсіп төңкерісі орын алды
 - F) индустриалды қоғам пайда болды
28. Президенттің заң шығару органы шешімдеріне тыйым салу құқығы (-тары):
- A) шешім
 - B) ұсыныс
 - C) вето
 - D) санкция
 - E) талап
 - F) бұйрық
29. 1844 жылы АҚШ-та бірінші телеграф желісін салуда арнайы әліппені пайдаланған өнертапқыш (-тар)
- A) Д.Хатон
 - B) Л.Даггер
 - C) С.Морзе
 - D) Б.Тимонье
 - E) А.Фик
 - F) Д.Кинг
30. Д.Сяопин реформасының мәні
- A) ең төменгі еңбек ақы енгізілді
 - B) мемлекеттік сектордың үлесі жойылды
 - C) ұлттық қауіпсіздікті күшейту
 - D) отбасылық шаруашылық енгізілді
 - E) мемлекеттік жәрдем ақы алынып тасталды
 - F) Қытай экономикасын нарыққа бейімдеді

31. Барлық адам үшін бірдей еркіндік идеясын ұсынған XVIII ғасырдағы француз ағартушылығының аса көрнекті өкілі (-дері)
- A) Шарль Монтескье
 - B) Иммануил Кант
 - C) Бенджамин Франклин
 - D) Жан Жак Руссо
 - E) Джон Локк
 - F) Джордж Вашингтон
32. 1948 жылы Палестинада құрылған мемлекет (-тер)
- A) Ливия
 - B) Египет
 - C) Ирак
 - D) Иран
 - E) Алжир
 - F) Израиль
33. Федеративті мемлекет (-тер)
- A) Қытай
 - B) Англия
 - C) Ресей
 - D) Германия
 - E) АҚШ
 - F) Дания
34. XIV ғасырдың екінші жартысында Италияда қалыптасқан кезең атауы (-лары)
- A) Ұлы бетбұрыс
 - B) Ринашименто
 - C) Қайта өрлеу
 - D) Өркендеу
 - E) Гүлдену
 - F) Алтын ғасыр
35. 2006 жылы 8 қыркүйекте Семей қаласында Орталық Азиядағы ядролық қарудан азат аймақ туралы шартқа қол қойған мемлекет (-тер)
- A) Қырғызстан
 - B) Қытай
 - C) Үндістан
 - D) Пәкістан
 - E) Қазақстан
 - F) Өзбекстан